

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 20 қараша N 1736

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастыру туралы" 1997 жылғы 9 желтоқсандағы N 3787 U973787\_ Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің  
Жарлығы

Қазақстан Республикасында біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының K951000\_ 44-бабына сәйкес және "Қазақстан - 2030" K972030\_ стратегиясының "Инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс" ұзақ мерзімдік басымдығын ұлттық экономикаға қазіргі ақпараттық технологияларды енгізу бөлігінде іске асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында біртұтас ақпараттық

кеңістікті қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметті бір айлық мерзімде 2000-2002 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында біртұтас ақпараттық кеңістікті

қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасында біртұтас ақпараттық  
кеңістікті қалыптастырудың және дамытудың  
мемлекеттік бағдарламасы

Астана қаласы, 2000

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2000 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
N \_\_ Жарлығымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық  
кеңістігін қалыптастыру мен дамытудың  
Мемлекеттік бағдарламасы

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы Қазақстан Республикасының бірыңғай  
ақпараттық кеңістігін қалыптастыру мен  
дамыту.

Әзірлеу үшін негіз Қазақстан Республикасы Президентінің  
"Қазақстан Республикасының бірыңғай  
ақпараттық кеңістігін қалыптастыру  
туралы" 1997 жылғы 9 желтоқсандағы  
N 3787

U973787\_

Жарлығы.

Негізгі әзірлеушілер Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі.

Іске асыру мерзімі Орта мерзімді, 2000-2002 жылдар

Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістік қалыптастыру;  
ақпарат және білім рыногын құру;  
жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;  
қоғамдық өндіріс жүйесінде (телекоммуникациялық, көліктік, ұйымдастырушылық) инфрақұрылымның рөлін арттыру;  
халықтың білім, елдің ғылыми-техникалық және мәдени даму деңгейін жоғарылату;  
мемлекеттік басқаруда, экономикада, мәдениетте және әлеуметтік салада келешекті ақпараттық технологияларды, компьютерлік техника мен телекоммуникациялар құралдарын жалпылай пайдалануға негізделетін жаңа технологиялық салттарды қалыптастыру.

Бағдарламаның негізгі іс-шаралары ақпараттандыру саласында мемлекеттік реттеу тетігін жетілдіру;  
Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастырудың және оның қызмет етуінің нормативтік құқықтық базасын құру;  
ақпараттық ресурстарды басқарудың ақпараттық басқару жүйесін құру;  
техникалық құралдарды жетілдіру және жаңа ақпараттық технологияларды ендіру;  
елдің қалың жұртшылығының Интернет желісіне кіруін қамтамасыз ету;

отандық есептеуіш және телекоммуникациялық техниканы, ақпараттық өнім мен қызмет көрсетуді өндірушілердің дамуын ынталандыру және оларды қолдау, олардың бәсекеге төзімділігін арттыру бағдарламасын әзірлеу; ақпараттық телекоммуникациялық жүйелерді, ақпараттық технологияларды әзірлеу мен пайдалану саласындағы мамандарды даярлау және қайта даярлау жүйесін әзірлеу.

Қаржыландыру көздері республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінетін қаражат, банк кредиттері, халықаралық қаржы институттарының гранттары мен заемдары, инвестициялар.

Күтілетін соңғы нәтиже Шараларды іске асыру: ақпараттандыру саласында мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыруға; отандық есептеуіш және телекоммуникациялық техника, ақпараттық өнім мен қызмет көрсету құралдарының бәсекеге төзімділігін арттыру үшін жағдай жасауға; ақпараттық телекоммуникациялық жүйелердің халықаралық даму стандарттарын ескере отырып, жүйелер мен желілердің үйлесімділігін және өзара әрекет етуін қамтамасыз етуге; ақпараттандыру жобалары мен бағдарламаларына отандық және шетелдік инвесторлардың қаражатын тартуға; ақпараттандыру саласында бірыңғай нормативтік құқықтық база құруға; мемлекеттік ақпараттық ресурстарды құруға және пайдалануға бөлінетін бюджет қаражатын оңтайландыруды жүргізуге; ақпараттық қоғамға көшуге бастапқы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

## 2. Кіріспе

Ақпараттандыру - ХХ ғасыр соңынан ерекшелігі, өркениеттің дамуындағы және қоғамның индустриалдық кезеңнен ақпараттық дәуірге көшудегі қуатты факторы. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей мемлекеттің ақпараттық кеңістігінің даму деңгейі - ақпараттандыру нәтижесі мен әлемдік ақпараттық кеңістікке шоғырлану дәрежесі - елдің экономикасын дамытуға ғана ықпал етпейді, сонымен қатар ұлттың интеллектуалдық деңгейін едәуір дәрежеде анықтайды, адамның негізгі құқықтарын іске асыру көрсеткіші болып табылады.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында ақпараттандыру процесі рөлінің өсуі соңғы онжылдықта әлемнің көптеген елдерінде ұлттық саясаттың дербес бағыты шеңберінде мемлекеттік бағдарламаларды: ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік саясатты ресімдеуге және жүзеге асыруға әкелді.

Осы саясатты іске асыруға мемлекеттік билік пен басқару органдарының қоғамдық пайдалы мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін белсенді іс-қимылдармен қол жеткізіледі.

"Қазақстан - 2030" Стратегиялық бағдарламасында жазылған елдің әлеуметтік даму мүддесі ақпараттық өркениетке жылжудың бүкіл халықаралық тәжірибесін ескере отырып, ақпараттық қоғамға қарай жылжудағы нысана мен стратегияны таңдап алуды талап етеді.

### 3. Мемлекеттік басқару органдарын ақпараттық қамтамасыз етудің ағымдағы жай-күйін талдау

Қоғамның саяси, экономикалық басқарушылық құрылымдарын реформалау процестерін жандандыру республиканың тіршілігін ақпараттық қамтамасыз ету проблемасын басым орындардың біріне шығарды.

Егеменді мемлекеттің аяққа тұруы және нарықтық экономикаға көшуі жағдайында заң және атқарушы билік органдарының функциялары мен шешетін мәселелерінің аясы едәуір өзгерді, аймақтық даму және басқару мәселесін шешудегі салмақ орталығы аймақтардың тиісті құрылымдарына ауыстырылуда, иерархиялық басқарудан корпоративтік басқаруға көшу жүргізілуде.

Жаңа шаруашылық жүргізу жағдайында халық шаруашылығын басқару принциптері, мемлекет пен өндірушілер арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгеруде, экономиканың кейбір тізбектерінің орталық және аймақтық басқару органдарының ақпараттық жүйесінің қызмет етуінде өзгерістер болып жатыр.

Осы жағдайлар қоғамда ақпараттық қажеттілікті, ақпараттық ағымдардың мазмұны

мен бағытын өзгертуді туындатады. Басқару органдарының және экономикалық қызмет субъектілерінің салалардағы, аймақтардағы және кәсіпорындардағы істің нақты жағдайы туралы объективті, шынайы және уақтылы экономикалық, конъюнктуралық, статистикалық, экологиялық, әлеуметтік-демографиялық және басқа ақпаратты алудағы қажеттілігі шұғыл өсуде.

Республика тіршілігін ақпараттық қамтамасыз етудің қазіргі жүйесі жеткілікті дайындалмаған және жаңа саяси және әлеуметтік-экономикалық шарттарға сәйкес келмейтін болып шықты және басым даму мен жетілдіруді талап етеді.

Әртүрлі, көбінесе ескірген бағдарламалы-ақпараттық және бірдейлендірілмеген шешімдердің негізінде құрылған ақпараттық телекоммуникациялық жүйелер негізінен жеке мемлекеттік басқару органдарының мүддесінде және, әдетте, қажетті өзара әрекет етусіз қызмет етеді, осыдан жүйелерді әзірлеу мен жетілдіру жұмыстары қайталануда, алғашқы ақпаратты жинауда артықшылыққа әкеледі.

Бар ақпараттық ресурстар:  
тақырыптық және функционалдық толықсыздығымен;  
төменгі сапасымен және сертификатының жоқтығымен;  
құрылған ақпараттық ресурстардың сандық және сапалық сипаттамалары туралы дұрыс мәліметтердің жоқтығымен сипатталады.

Мәліметтер базасына телекоммуникациялық кірудің бар құралдары жабдығының әртүрлігімен және хаттамалардың келісілмегендігімен сипатталады.

Міне осылай, ақпаратты пайдалану мүмкіндігі, әдетте, ведомстволық тиесілігімен, бірыңғай жүйенің жоқтығымен шектеледі және, көбінесе, пайдаланушының лауазымымен және мәртебесімен анықталады. Алыс аумақтағы ақпараттық ресурстарды пайдалану проблемасы шешілмеген.

Әртүрлі ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелердің ведомстволық бытыраңқылығы, басқару органдарының ақпараттық қажеттілігін барлық жерде және толық қанағаттандыру мақсатында олардың өзара әрекет етуін ұйымдастыру проблемаларын республиканың бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру арқылы ғана шешуге болады.

Мемлекеттік басқару жүйесін бірыңғай әдістемелік және технологиялық тұрғыдан ақпараттандыру мәселесін шешу ақпараттандыру саласындағы басқа проблемаларды, соның ішінде дүниежүзілік ақпараттық кеңістікке шоғырлану проблемасын шешуді едәуір дәрежеде қамтамасыз ететін ақпараттық инфрақұрылымды құруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік басқару органдарының бірыңғай ақпараттық кеңістігін іске асырудағы маңызды жетістік - ашық ақпараттық ресурстарға қойылған ведомстволық монополизмді жеңу, қайталауды болдырмау және осының негізінде мемлекеттік, ақпараттық ресурстарды құруға және пайдалануға жұмсалатын шығындарды едәуір азайту.

Мемлекеттік басқару органдарының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру мен дамыту жұмыстарын іске асыру жекелеген бағыттар бойынша мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар кешенінің шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс.

Негізгі үйлестіру элементі проблема бойынша бүтіндей мемлекеттік басқару органдарының мемлекеттік кешенді ақпараттандыру бағдарламасын әзірлеуді және орындалуын үйлестіруді, жобаларды сараптауды, оларды іске асыруға инвестицияларды қалыптастыруды, оларды бөлуді және тиімді пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз ететін мемлекеттік тапсырыс берушінің тетігі болуы тиіс.

#### 4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бірыңғай ақпараттық кеңістік құру мақсатында әзірленген және елдің ақпараттық қоғамға жылжудағы мынадай бағдарламаларға қол жеткізуіне

бағытталған:

1) Қазақстан Республикасының азаматтар мен ұйымдар ақпараттық қажеттілікті қанағаттандыру үшін ақпараттық-телекоммуникациялық ортада, осы ресурстарды пайдалану орны мен уақытына, сондай-ақ пайдаланушылардың мәртебесіне қарамастан, пайдаланатын ақпараттық ресурстардың жиынтығын білдіретін бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру;

2) өндіріс факторы ретінде табиғи ресурстар, еңбек және капитал рыноктарына қосымша ақпарат және білім рыногын құру, қоғамның ақпараттық ресурстарын әлеуметтік-экономикалық дамудың нақты ресурстарына ауыстыру, қоғамның ақпараттық өнімдер мен қызметтер көрсетуге қажеттілігін іс жүзінде қанағаттандыру;

3) жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемасының едәуір бөлігін шешу және азаматтар мен әлеуметтік институттар үшін демократиялық дамудың маңызды шарты ретінде ақпаратты алу, тарату және пайдалану еркіндігін қамтамасыз етудің тиімді жүйесін құру;

4) қоғамдық өндіріс жүйесінде (телекоммуникациялық, көліктік, ұйымдастырушылық) инфрақұрылымның рөлін арттыру;

5) халықаралық, ұлттық және аймақтық деңгейлерде ақпаратпен алмасу жүйелерінің мүмкіндіктерін кеңейту арқылы халықтың білім, елдің ғылыми-техникалық және мәдени даму деңгейін жоғарылату және осыған сәйкес еңбектің маңызды сипаттары ретінде кәсіпқойлық пен шығармашылыққа қабілеттілік рөлін арттыру;

6) мемлекеттік басқаруда, экономикада, мәдениетте және әлеуметтік салада келешекті ақпараттық технологияларды, компьютерлік техника мен телекоммуникациялар құралдарын жалпылай пайдалануға негізделетін жаңа

технологиялық салттарды қалыптастыру.

Ақпараттық өркениет белгілері дамыған елдердің әлеуметтік-экономикалық тіршілігінде әртүрлі дәрежеде бар, бұл экономикалық және технологиялық дамудың нақты шарттарымен, ұлттық, саяси және мәдени дәстүрлермен оңай түсіндіріледі.

Алайда, олардың барлығы бірге алғанда Қазақстан Республикасының болашақ ақпараттық қоғамға, ол жетуі тиіс қажетті постиндустриалдық даму сатысына баратын жолы туралы ұғым береді.

## 5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және оны іске асыру тетігі

Елдің ақпараттық өркениет бағдарларына қол жеткізудегі қадамы "Қазақстан - 2030" бағдарламасы шеңберінде әлеуметтік-экономикалық дамудың ұзақ мерзімді басым мақсаттарына кадам сияқты бірқатар кезеңдерден тұратын болады. Ақпараттық қоғамға мақсатты кадам "Қазақстан - 2030" бағдарламасын іске асырудың тиісті кезеңімен келісілген әрбір кезең шеңберінде басты (басым) ақпараттандыру бағыттарын және кезеңнің тиісті индикативтік көрсеткіштерін анықтауды талап етеді.

Мемлекеттің қоғамды кеңінен өзгертудегі жетекші рөлін және "Қазақстан - 2030" Стратегиялық бағдарламасының бірінші кезеңіне (1998-2000 жж.) қабылданған міндеттерді, сондай-ақ орта білім жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды және ақпараттандыру процесі ресурсының едәуір молшылығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы тиісті мемлекеттік саясаттың шеңберінде мынадай қағидаларды ұстанады:

1) бұрын құрылған ақпараттық жүйелерді пайдалану және бар бағдарламалық кешендерді, мәліметтер базаларын және қызметшілерді объект-бағдарлық және басқа да келешекті әдістердің негізінде жаңа ақпараттық-бағдарламалық тұғырларға көшіру;

2) Қазақстан Республикасында ақпараттық ресурстар мен ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерді құру мен дамытудың әдістемелері мен аспап-құралдарының тиісті салалардағы ғылым мен технологиялардың соңғы даму парадигма талаптарына сәйкес болуы;

3) ашық жүйелер тұжырымдамасын пайдаланумен ақпараттандыру құралдары мен жүйелерін стандарттау, бірдейлендіру және сертификаттау бойынша жұмыстарды жүргізудің негізінде ақпараттық ресурстар мен ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелердің шоғырлануын қамтамасыз ету;

4) мыналарды ескере отырып, ақпараттық қауіпсіздік пен тәуелсіздікті қамтамасыз ету :

мемлекеттік шекаралардан ақпараттың өтуі жағдайында халықаралық қатынастар жүйесін құруды ;

дүниежүзілік ақпараттық желілерге қатысты тиімді мемлекеттік саясатты пысықтау



және ұлттық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық инфрақұрылымды қорғау тұрғысынан оларға ұлттық және корпоративтік ақпараттық пен телекоммуникациялық желілердің кіруі мәселесін шешу қажеттілігін;

жаңа ақпараттық технологиялардың ақпараттық қару ретінде пайдаланылуы қауіпін, сондай-ақ ақпараттық терроризм қатерін;

ақпараттық қауіпсіздікке сырттан келетін қатермен күресудің халықаралық тәжірибесін;

5) мемлекеттің нормативтік құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыру түріндегі реттейтін ықпалдарын пайдаланумен ақпараттық кеңістіктің өзін-өзі ұйымдастыруы.

Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру мен дамытудың бірінші кезеңінде (2000-2002 жж.) мынадай басымдықтар белгіленеді:

1) Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру мен дамытудың нормативтік құқықтық базасын құру;

2) ғылыми-әдістемелік базаны құру;

3) мемлекеттік ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және пайдалану;

4) мемлекеттік билік органдарының ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру және пайдалану.

Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету саласында:

1) ақпараттық кеңістікті құру процесін мемлекеттік қолдаудың, басқарудың және реттеудің құқықтық негіздерін белгілейтін, мемлекеттің, ұйымдардың және жеке азаматтардың ақпаратқа құқығын бекітетін, ақпараттық ресурстарды құру және тарату процесінде қарым-қатынастарды реттейтін, ақпараттық технологиялардың, өнімнің және қызметтер көрсетудің құқықтық режимінің негізін алдын ала анықтайтын, республикада ақпараттандырудың нарықтық инфрақұрылымын қалыптастыруды және оны дүниежүзілік ақпараттық жүйеге енгізуді қамтамасыз ететін заң актілері;

2) Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін құру процесін реттейтін және бірдейлендіретін ашық жүйелер тұжырымдамасының шеңберіндегі стандарттар жүйесін қалыптастыру туралы нормативтік актілер;

3) ақпараттандыру құралдары мен жүйелерін сертификаттау жөніндегі нормативтік әдістемелік база әзірленуі және қабылдануы тиіс.

Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету бөлігінде:

1) Республиканың бірыңғай ақпараттық кеңістігін құру процесін реттейтін, бірдейлендіретін және ақпараттық ресурстар мен ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелердің шоғырлануын қамтамасыз ететін ашық жүйелер тұжырымдамасының шеңберінде Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру мен дамыту саласында стандарттарды іріктеу және әзірлеу;

2) Мемлекеттік билік органдарының корпоративтік ақпараттық жүйелерін құру және жетілдіру жөніндегі ұйымдық-әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу;

3) Ақпараттық технологиялық саладағы мамандарды даярлау және біліктілігін арттыру жөнінде шаралар қабылдау жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік ақпараттық ресурстарды қалыптастыру мен пайдалану саласында:

1) мемлекеттік, мемлекеттік емес және аралас ақпараттық ресурстарды ұстаушы ұйымдар бойынша және олар тарататын ақпараттық өнім мен ұсынатын ақпараттық қызмет көрсету түрлері бойынша мәліметтерді бар мемлекеттік регистр жүргізу;

2) жекелеген жүйе құратын ведомствоаралық және салалық мәліметтер базасын, сондай-ақ әкімшіліктің мәліметтер базасын: "халық", "жеке және заңды тұлғалар", "жерді пайдалану", "жылжымайтын мүлік (тұрғын үй қоры, тұрғын-жайға жатпайтындар қоры)", "жұмылдыруға әзірлік" және ұйымдар мен азаматтарға ақпараттың ашық бөлігіне, атап айтқанда "электрондық дүңгіршектер" технологиясының негізінде еркін кіруін қамтамасыз ететін басқаларды құру және жүргізу;

3) мемлекеттік ақпараттық ресурстарды әртүрлі ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерден қорғауды қамтамасыз ету;

4) тиісті аумақтардың ақпараттық ресурстарын, сондай-ақ орталық органдар мен басқа аумақтардың ақпараттық ресурстар туралы және оларға кіру тәртібі туралы мәліметтерін сақтауды және ұстауды қамтамасыз ететін арнаулы орталықтар желісін құратын мемлекеттік ақпараттық ресурстардың депозитарий ұйымдарын анықтау жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік билік пен басқару органдарының ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен пайдалану саласында пайдаланылатын және құрылатын телекоммуникациялық қызметтердің негізінде осы органдардың қызметін ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету (электрондық құжат айналымы жүйелері, бейне конференциялар жүйелері, ілеспе аударма жасау жүйелері, электрондық дауыс беру жүйелері, ақпараттық-анықтамалық жүйелер, шешімдер қабылдауды қолдаудың ақпараттық-талдау жүйелері, ақпараттық қауіпсіздік жүйелері және т.б.) жүзеге асырылуы тиіс.

Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері ақпараттық өзара әрекет ететін субъектілердің ақпараттық ресурстарын және ақпараттық қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

Мемлекеттік билік пен басқару органдарында байланыс пен информатика құралдарын пайдалану және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді ұйымдастыру қажет.

Республиканың бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастырудың бастапқы кезеңі жекелеген мемлекеттік билік пен басқару органдарының осы күні қолданылатын және әзірленіп жатқан ақпараттық есептеу жүйелері, қызмет ететін жалпы пайдаланымдағы мәліметтер базасымен жиынтығы, телекоммуникациялық жүйелер мен желілер өзегі болып табылатын базалық жүйе құратын тізбектерді құруға бағытталуы тиіс. Олардың үйлесімділігін және өзара әрекет етуін, ақпараттық технологиялардың жаңа құралдарының ақпаратты таратудың және оларға кіруді ұйымдастырудың дәстүрлі

құралдарымен үйлесімді істеуін қамтамасыз ету қажет.

Осыған сәйкес 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның бірінші кезекті міндеттері:

- 1) Мыналар кіретін ең шағын қажетті нормативтік құқықтық базаны құру:
  - "Ақпарат және ақпараттандыру туралы" Заң;
  - "Халықаралық ақпаратпен алмасуға қатысу туралы" Заң;
  - мемлекеттік билік пен басқару органдарының Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру мен дамытуға қатысуын реттейтін нормативтік құқықтық актілер;
  - бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру мен дамыту саласындағы стандарттар;
- 2) Ұжымдық реттелетін кірудің ведомствоаралық мәліметтер базасын әзірлеу және пайдалануға ендіру;
- 3) Мемлекеттік басқару органдарының желілік инфрақұрылымын құру және оларды кешенді ақпараттандыру;
- 4) Бірнеше мемлекеттік басқару органдары шеңберінде бірыңғай ақпараттық кеңістік сегментінің пилоттық жобасын іске асыру;
- 5) Ақпараттық технологиялар құралдарын, соның ішінде отанымызда жинақталатын компьютерлерді шығаруды ұйымдастыру;
- 6) Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеудің отандық индустриясын дамыту;
- 7) Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің отандық сертификатталған құралдарын пайдалануға көше бастау болып табылады.

Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының екінші және кейінгі кезеңдері "Қазақстан - 2030" Стратегиясын тиісті іске асыру кезеңдерінің мерзімдерін, міндеттерін және осы Бағдарламаның бірінші кезеңін жүзеге асыру нәтижесін ескере отырып, анықталуы және нақтылануы тиіс.

Бағдарламада мынадай негізгі кіші бағдарламалар көзделеді:

Мемлекеттік органдардағы ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер жай-күйінің мониторингі

Қазақстан Республикасында ендірілуі қажет кіші бағдарламалардың бірі мемлекеттік органдарда ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелердің жай-күйіне мониторингі жүзеге асыру болып табылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін құруда табиғи және маңызды құрастырма бөлігі болып табылады. Мемлекеттік басқару

органдарының ақпараттық жүйелермен нақты және айқын жарақталусыз, осы жүйелердің сипаттамалары мен ақпараттық толтырғыштарын айқын сипаттаусыз талдау, бағалау және барабар шешімдер қабылдау мүмкін емес.

Алдағы уақытта, әзірленуі мемлекеттік бюджеттен немесе мемлекет бақылайтын басқа көздерден қаржыландырылатын барлық бағдарламалық қамтамасыз етуді, мәліметтер базасын және телекоммуникациялық жүйелерді міндетті тіркеумен Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелердің мемлекеттік тізілімі жүргізілуі тиіс.

Мемлекеттік емес құрылымдарға тиесілі ақпараттық объектілердің Мемлекеттік тізілімде ерікті тіркелу мүмкіндігі қарастырылуы керек. Мемлекеттік тізілімде ақпараттық өнімдердің тіркелуі олардың беделі мен коммерциялық құндылығын арттыратындай қызмет ету жағдайы жасалуы тиіс.

Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерді мемлекеттік тіркеу оларды мемлекеттік сертификаттау жолындағы алғашқы қадам болуы тиіс. Бірінші кезекте бағдарламаларды және жұмысы қолданылатын заңнама нормаларын барабар ескеруі тиіс қаржы-экономикалық және заңдық мақсаттағы мәліметтер базасын сертификаттау тетігі әзірленуі керек. Ең алдымен бұл бухгалтерлік кіші бағдарламалар мен құқықтық мәліметтер базасына қатысты. Бағдарламаларды сертификаттау ерікті негізде жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар сертификатталған ақпараттық өнімдердің ақпараттық технологиялар рыногында артықшылығы болатындай жағдайлар жасалуы керек.

Мемлекеттік органдардың бірыңғай ақпараттық инфрақұрылымын құру

Бірыңғай ақпараттық кеңістік құрудың қажетті шарты мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымының мынадай элементтерін анықтау болып табылады:

- 1) электрондық мекен-жайды алудың ережелері мен тәртібін анықтау;
- 2) мемлекеттік органдардың web-сайттарын құру.

Бүгінгі күні көптеген мемлекеттік органдар web-сайттарды өз күштерімен, не болмаса халықаралық қаржы ұйымдарының көмегімен, не болмаса келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін кәсіби компаниялардың күштерімен жасайды. Бұл әрекеттер "дүниежүзілік өрнекті" пайдаланушылар үшін олардың қызметін көрінетіндей етіп және олар шешіп жатқан стратегиялық мәселелер туралы көпшілікке жариялай отырып, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының халықаралық ақпараттық қауымдастығы алдындағы беделін көтереді.

Дегенмен, осы процестегі мынадай теріс құбылыстарды атап өтуге болады: сайттардың көпшілігінің аяқталмағандығы. Көптеген ақпараттық бөлімдер айлап әзірленеді немесе жаңартылмайды. Жарияланатын ескірген ақпарат пайдаланушыларды қателестіреді және ақпараттарды электрондық тарату идеясының б е д е л і н т ү с і р е д і ;

мемлекеттік ұйымдардың сайттарында мемлекеттік тілдегі ақпараттың жоқтығы;

ағылшын тіліндегі ақпараттың жоқтығы ақпаратты тұтынушылар санын күрт қысқартады және оның әлемдік ақпараттық кеңістікте таралуын қиындатады; мемлекеттік органдар пайдаланатын бағдарламалы-ақпараттық жүйелер мен телекоммуникациялар құралдарының жеткіліксіз өнімділігі тұтынушыларға қолайсыздық туғызады;

басқа мемлекеттік органдардың сайттарына сілтемелердің жоқтығы ақпаратты іздеуді қиындатады.

Кіші бағдарламаны іске асыру үшін бірінші кезеңде мыналар ұсынылады: мемлекеттік органдардың билігіндегі сайттар үшін техникалық сипаттамаларға, тілді қолдауға, бар ақпараттың өзектілігіне, міндетті сілтеме жасау бөлігіне қойылатын үлгілік талаптарды белгіленген тәртіппен әзірлеу;

Қазақстан Республикасының заңды иелігіндегі кез келген ұйымдар мен жеке тұлғаларға тиесілі сайттарды ресімдеуде мемлекеттік рәміздерді пайдалануды реттеу;

3) мемлекеттік электрондық құжат айналымының пилоттық аймағын құру.

Электрондық құжат айналымы жүйесі құжаттарды ұжымдық пайдалану тетігінің көмегімен мемлекеттік басқарудың барлық деңгейінде ақпаратты өндеудің бірыңғай технологиясын, бірыңғай құжат айналымы идеологиясын құруға әкелуі тиіс. Бұл, өз кезегінде, орындаушылық тәртіп деңгейін арттыруға, тапсырмаларды орындау мерзімін қысқартуға, мемлекеттік құжат айналымын өзекті жағдайда ұстауға, бүтіндей барлық мемлекеттік мекемелер бойынша жүйелерді құруға жұмсалатын шығындарды азайтуға, сондай-ақ мемлекеттік органдардың компьютерлік жабдықты тиімдірек пайдалануына әкеледі.

Бірыңғай мемлекеттік электрондық құжат айналымын ендірудегі бірінші кезең электрондық құжаттардың жинақталған мәліметтер базасы бар және оларды жобаны іске асырудың бірінші кезеңінде осы құжаттардың қоймасын іске асыруды ескере отырып, жаңа жүйеге ауыстыруға болатын мемлекеттік органдар болуы мүмкін.

Кейіннен мәліметтер қоймасының негізінде мемлекеттік электрондық мұрағаттың тұжырымдамасы пысықталуы тиіс. Қоймадан айырмашылығы электрондық мұрағаттар, құжаттарды сақтау мен іздестіруді қамтамасыз етуді ғана емес, құжаттарды, олардың түпнұсқа екенін өздігінен растай отырып, пайдалану, тарату, жіктеу және көбейту бойынша кеңінен қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Осындай жүйелер дамыған елдердің барлық жерлерінде ендірілуде. Электрондық мұрағаттарға жаңа құжаттарды енгізуден басқа жиналып қалған қағаз құжаттарды енгізу бойынша жоспарлы жұмыс ұйымдастырылуы және осы мұрағаттарды мемлекеттік органдардың, заңды және жеке тұлғалардың пайдалануы реттелуі тиіс.

Мемлекеттік қаржының ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерін шоғырландыру

1993 жылдан бастап осы уақытқа дейін мемлекеттік бюджеттің орындалуы үшін жауапты мемлекеттік органдардың (бұдан әрі - қаржы органдары) ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерін құру бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде. Ұлттық банк, қазынашылық жүйелері құрылды және іске қосылды, салық және кеден қызметтерінің жүйелері іске қосу кезеңінде, зейнеткерлік жүйесін қолдайтын жүйе қ ы з м е т е т у д е .

Барлық жүйелер халықаралық қаржы ұйымдары миссияларының жеткілікті жоғары бағасын алды және одан әрі дамуда. Жұмыстарды қаржыландыру халықаралық қаржы ұйымдары беретін заемдардан және мемлекеттік бюджеттен жүргізіледі. Өкінішке орай, барлық осы жұмыстар қажетті үйлестіру және шоғырландыру деңгейінсіз жүргізілуде. Жүйелер арасында ақпаратпен алмасу әртүрлі стандарттарда, көбінесе халықаралық стандарттардан қашық стандарттарда жүргізіледі. Осы күнге дейін кейбір салаларда басқа жүйелерден алынатын ақпарат қолмен енгізіледі.

Қаржы органдарының ақпараттық телекоммуникациялық жүйелерін құру бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде кез келген қайта ұйымдастыру қаржы органдарының күнделікті жұмыстарды жүргізуіне және күнделікті міндеттерді орындауына теріс әсер етпеуі, ал қаржы органдарының автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерін енгізуді, алып жүруді, жобалау мен әзірлеуді айтпағанның өзінде, білікті және жалақысы жоғары қызметшілер жүзеге а с ы р у ы к е р е к .

Қаржы органдарының ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерін шоғырландырудың кіші бағдарламасын енгізуді бірнеше кезеңмен жүргізу ұсынылады.

Қаржы органдарының ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерінің орнықты дамуы мақсатында қаржы органдарының жүйелерін алып жүруді және пайдалануды жүзеге асыратын бірыңғай операторды анықтау.

### Мемлекеттік мәліметтер базасын құру

#### "Жеке тұлғалар" мемлекеттік мәліметтер базасы

Республикада жеке тұлғаларды тіркеуді әртүрлі мемлекеттік органдар жүргізеді. Айтылғандай, негізгі проблема жеке тұлғаларды тіркеу жүйелерін құруда және олардың қызмет етуінде ешқандай үйлестіру жоқтығында. Республикада осы күні тіркеу нөмірлерін беретін (туу туралы куәліктегі нөмір, жеке куәліктегі нөмір, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, медициналық сақтандыру жүйесіндегі нөмір, зейнеткерлік қамтамасыз ету жүйесіндегі нөмір) беретін және әртүрлі ведомстволарға тиесілі бірнеше тіркеу жүйелері қызмет етуде.

Бұл тізімде азаматтарды шетелге шығуын қамтамасыз ететін құжаттар бойынша

тіркеуді жүзеге асыратын жүйелер қаралмаған. Бұл құжаттар бұрыннан белгіленген және қазіргі технологиялық қоғамның өзгерген жағдайларына жауап бермейтін (бәрі осыны мойындайды) белгілі халықаралық стандарттарға жауап беруі тиіс.

Біздің елде азаматтарды тіркеудің қазіргі бар жүйелерінің негізгі сипаттары:

1) тіркеу жүйелерін орталықтан бөліп шығару, орталықтандырылған мәліметтер қоймасының жоқтығы мынадай проблемалардың туындауына әкеледі:

бағдарламалық қамтамасыз етуді орнатуға алынатын лицензиялар санын көбейту есебінен жүйелердің сатып алу және енгізу кезіндегі құнының қымбаттауы;

басқарушылық және басқа да шешімдерді қабылдау мақсатында ел масштабында тіркеу ақпаратын талдау мүмкіндігінің болмауы;

ақпаратты шарасыз қайталау;

бытыраңқы ақпараттық жүйелерде бірыңғай классификаторлар мен анықтамалықтарды пайдалану мүмкіндігінің жоқтығы және осының салдарынан салыстырмалы көріністе шоғырланған есеп алу мүмкіндігінің жоқтығы;

ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелердің жаңаруы және дамуы жағдайында бағдарламалар мен мәліметтердің айырбасталуын қайта белгілеуге елеулі шығындар;

жүйелердің қауіпсіздігіне бақылаудың нашарлауы және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қызметтерді және бағдарламалық-ақпараттық құралдарды ұстауға шығындардың а р т у ы .

Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелердің жаңаруы және дамуы жағдайында бағдарламалар мен мәліметтердің айырбасталуын қайта белгілеуге елеулі шығындар.

Жүйелердің қауіпсіздігін бақылаудың нашарлауы және қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметтерді және бағдарламалық-ақпараттық құралдарды ұстауға шығындардың артуы .

2) тіркеу кодтарын беру аймақтық қағида бойынша жүргізіледі.

Бұл қағида жеке тұлғалардың тіркеу немесе есебін жүргізу жүзеге асырылатын аймақтың бірегейлендірілуінің айқындамалық тіркеу кодына қосуға негізделеді. Кодтаудың мұндай әдісі жерден жерге көшетін, өзінің тіркеу кодын ұмытып қалатын, тіркеу құжаттарын жоғалтып жүретін адамның теңестірілуіне қолдану қиын. Мәліметтердің орталықтандырылған базасынсыз тіркеу кодын қалпына келтіру немесе қайта тіркеу мақсатымен тіркеу органдарына ұдайы қайта бару теріс сезімдерден басқа тіркеу нөмірлерінің көп қосарланушылығын да туындатады. Жеке тұлғаның бір ведомство берген бірнеше тіркеу коды бар болу жағдайы да өте жиі кездеседі.

3) қажетті нәтижесіз көп қайтара істелетін жұмыс.

Шын мәнінде, азаматтарды тіркеу жөніндегі жұмыс бірнеше рет істелінді. Бұл жұмысқа күштер мен қаржылар жұмсалды, бірақ ол тағы бірнеше рет қайта істелмейтіндігіне ешқандай кепілдік жоқ. Міне, сөйтіп, қажетті нәтиженің жоқтығын а й қ ы н д а у ғ а б о л а д ы .

4) бірыңғай мемлекеттік стандарт жоқ.

Жеке тұлғаларды тіркеу жүйесіне қойылатын талаптар:

1) жеке тұлғаларды тіркеудің АХАТ-тағы, төлқұжат бөлімдеріндегі, әлеуметтік сақтандырудағы, медициналық қамтамасыз етудегі, зейнеткерлік қамтамасыз етудегі, салықтағы және басқа барлық жүйелердегі жүйелерін бірыңғай қисынмен біріктіру;

2) ізгі мақсат - бүкіл ғұмыр бойы болатын бірыңғай код, бірыңғай құжат;

3) мінсіз құжат - қажетті барлық ақпарат (әлеуметтік бірегейлендіру коды, барлық тіркеу мәліметтері, медициналық мағлұмат, салық төлеушінің коды, зейнеткерлік есеп) енгізілетін шағын процессорлы карточка;

4) мінсіз карточка - банктік төлемдік жүйелермен кірігу мүмкіндігі.

Аталған кіші бағдарламаны жеке тұлғалардың мемлекеттік тіркеу жүйелерінде тіркелу тәртібін анықтап, бірнеше кезеңмен енгізуді жүргізу ұсынылады, жеке тұлға үшін бірегей бірегейлендіру нөмірін (немесе нөмірлерін, егер бір ғана тәсілді айқындау мүмкін болмаса) беру тәсілін ол нөмірді әрі қарай ұлттық ретінде белгілеу мақсатымен а й қ ы н д а у .

"Заңды тұлға" мемлекеттік мәліметтер базасы

Заңды тұлғалардың тіркеу жөніндегі жағдайларды түбегейлі жақсартуға ұсынылатын барлық әдістерді заңды тұлғаларды тіркеу жүйесіне де қолдануға да б о л а д ы .

"Қазақстанның ресурстары" мемлекеттік мәліметтер базасы

Бірыңғай ақпараттық кеңістік құру аясындағы шешуге қажетті мүдделердің бірі болып "Қазақстанның ресурстары" мемлекеттік тізілімін (жер мен жер қойнауы, картографиялық мәліметтер, жылжымайтын мүлік, жылжымалы мүлік, тауарлар мен қызмет көрсетулер, парасаттық меншік, қаржылар және басқалар) жүргізу болып т а б ы л а д ы .

Мемлекеттік ресурстарды тіркеу жүйесін енгізгеннен кейін күтілетін нәтижелер:

1) бюджетке түсімдердің артуы;

Мүлікке салықтарды жинау мемлекеттік ресурстарды тіркеу жүйелерін енгізгеннен кейін қарапайым, бақыланбалы және болжамды рәсім болады.

Қағида бойынша, жүйе белгіленген күнге қандай салықтар төленуге тиіс есептерді өзі іздестіреді, бұл мәліметтер, сондай-ақ кез-келген көрсетілген күнге жобалануы мүмкін. Оған қоса, салықтардың әртүрлі түрлерінің артуы немесе кему жағдайында салықтық жағдайдың үлгілерін жасауға мүмкін болады.

Кәсіпорындардың қандай да бір тауарлар мен қызмет көрсетулерді іске асырғаннан кейінгі салықтары туралы да соны айтуға болады.

Орталықтандырылған мәліметтер базасы түрлі технологиялық түйіндерден ақпараттар мағлұматтарын талап етпейтіндіктен салықтардың төлену рәсімін бақылау жеткілікті деңгейде жеңіл болады - бұл есептер, сондай-ақ жүйенің жұмысы үшін



міндетті ретінде техникалық тапсырмаға қосылады және сұраныс бойынша і з д е с т і р і л е д і .

Аталған жүйені енгізгеннен кейін барлық дамыған елдерге тән салықтық жүйенің жеке тұлғалармен жұмыс бойынша бағдарлануына өту ресіміне көшуге мүмкін болады. Бұл мәселе, сондай-ақ келесі бөлімде сипатталған артықшылыққа да тығыз байланысты .

- 2) отандық кәсіпкерлерді қолдау;
- 3) басқаруды және бақылауды жақсарту;

Экономикалық қызметтің мониторингі, талдау және статистика

Экономикалық қызметтің мониторингін жүзеге асыратын жүйелерді құру және статистиканы талдау мен өңдеуді әрі қарай жүргізу, әдетте, мынадай қағидаларға н е г і з д е л е д і .

Мониторинг деген белгілі уақыт кезеңінде мониторинг объектілеріне (немесе субъектілеріне) экономикадағы келеңсіз үдерістерге бақылауды және уақтылы табуды, бағалауды, алдын алуды және жоюды қамтамасыз ету үшін бақылау жүйесін білдіреді.

Мониторинг мониторингтің объектілері мен субъектілері бойынша статистикалық, экономикалық, бухгалтерлік және салықтық және басқа негізгі көрсеткіштері бойынша жіктелген мәліметтер базасы сақталатын Орталыққа ақпаратты мониторинг объектілері бойынша жинау әдісімен және оны электрондық тәсілмен беру жолымен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Есеп беру нысандары мониторинг, талдау және статистиканы өңдеуді жүргізетін мемлекеттік органдармен әзірленеді.

Статистикалық нәтижелерді талдау және өңдеу базалардан мәліметтерді түрлі ( кейде өте күрделі) алгоритмдер бойынша, соның ішінде мәліметтердің графикалық кескіндерін одан әрі теру жолымен жүргізіледі.

Мұндай жүйелер бірнеше қайтара жасалған, жасалуда және жасалады, себебі ағымдағы жағдайды басқару мен талдаудың басқа тәсілі жоқ. Жоғарыда айтылғанның негізінде жасалатын осы сияқты жүйелерге бірегейлендіру жүргізу мемлекеттік басқарудың барлық мүдделі органдары мұндай жүйелермен пайдалана алуы үшін қ а ж е т .

Мәліметтермен электрондық алмасудың стандарттарын жасау

Қазіргі кезде тек Ұлттық Банк ҚРҰБ Басқармасының шешімімен мәліметтермен электрондық алмасудың кейбір стандарттарын халықаралықтардың негізінде ( электрондық төлемдік тапсырмалар және ілеспе электрондық құжаттар) бекітті және оларды жетілдіруді жалғастыруда. Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерді әрі қарай дамыту және БАЖ жасау стандарттарды айқындаусыз мүмкін емес.

Аталған кіші бағдарламаны енгізуді жоспарлы түрде және мемлекеттік

органдардың ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерін құрумен және сәйкес стандарттарды әзірлеу мен бекітумен қабат жүргізу ұсынылады.

Мемлекеттік сатып алулардың жүйесін жетілдіру  
Электрондық коммерцияны, аукциондарды және тендерлерді енгізу  
Бизнесті электрондық жүргізуді ұйымдастыру, электрондық сауда, электрондық қаржы саласындағы соңғы зерттеулер аталған секторды дамыту әлемдік экономиканы дамытудың ғалами бағыттарының бірі болып табылатындығын көрсетті. 2001 жылдың соңына қарай транзакциялар көлемі 1 триллион АҚШ долларынан асады. Батыс Еуропадағы үрдістерге қатысты соңғы есеп (Ziff-Davis E-Commerce Bulletin) 100 миллиард АҚШ долларына қосымша өсуді айқындап отыр.

Көпшілік елдерде мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер мен ұйымдардағы электрондық жұмыс тәртібін белгілеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар бар немесе әзірленуде. Аталған бағытта айқындалған елдер тізімінде дамыған елдер ғана емес. Сингапур, Египет, Шығыс Еуропа елдері, Прибалтика елдері және Ресей Федерациясы сияқты елдер де бар.

Жаңартылған Киото конвенциясы бойынша барлық елдер - ВТО қатысушылар (даму деңгейіне байланыссыз) келешекте жұмыстың электрондық тәртібінің стандарттарына көшуі тиіс.

Бизнесті электрондық жүргізуді, электрондық сауданы, электрондық қаржыны біздің елде енгізу Қазақстан Республикасын дүниежүзілік қауымдастыққа тартудан басқа кәсіпорындармен және ұйымдармен арадағы мәмілелерде ашықтықты және әділеттілікті белгілеуде қосымша артықшылықтар береді, компанияның немесе бизнестің жеке орналасуына байланыссыз іскерлік өмірге қатысуға мүмкіндік береді.

Сертификатталған өнімдерді сатып алуда артықшылықтар ұсыну  
Мемлекеттік органдарда әкімшілік-басқару жүйелерін пайдалану жөніндегі жағдайдың талдауы :

1) заңнама бойынша ақпараттық жүйелер:

Біздің елде қызмет көрсетулердің бұл түрін кәсіпорындар мен ұйымдарға ұсынатын мемлекеттік, сонымен қатар мемлекеттік емес, бірнеше ұйымдар бар.

Барлық бар жүйелердің нормативтік-құқықтық актілер бойынша негізгі мәселелері Дүниежүзілік Банк миссиясының жаднамалық жазбаларында жақсы жазылған: оның салдары - іздеп табу мүмкіндіктерінің шектеулі болып табылатын мәліметтерді жинау жөніндегі жөнге салынған механизмнің жоқтығы, бұдан келіп базадағы мәліметтердің толық еместігі, орыс тілінен басқа тілдерге сауатты аударманың жоқтығы, ақпаратты сақтаудың жеткілікті жақсы ойластырылмаған үлгілері.

Осының салдары ретінде мемлекеттік мекемелерде түрлі бағдарламалық өнімдер пайдаланылады немесе бірнеше бағдарламалық өнімдер пайдалануға тура келеді.

Орындау тәртібін бақылау және мемлекеттік органдардағы корпоративтік құжат айналымы

Жүйелердің аталған санаты бүкіл дүние жүзіндегі сияқты Қазақстан Республикасында да тікелей әлдеқайда ерте дамуда. Бұл саладағы жұмсалатын өте үлкен күштер мен қаржыларға қарамастан, әдеттегідей, толық электрондық корпоративтік құжат айналымын енгізудің сәтті мысалдары дамыған елдердің өзінде де сирек. Бұл мынадай екі мысалмен түсіндіріледі:

орындаушылық тәртіпті бақылаудың және құжат айналымының мәселелерін өте қарапайым ұйымдастырушылық шаралармен шешуге болады.

бұрынғыдай құжат айналымының қағаздық жалпы үлесі аса үлкен.

Соған қарамастан, барлық елдердің сарапшылары қағаздық құжат айналымының үлесін бірте-бірте азайту және электрондық құжат айналымын енгізуде адами ресурстарды тиімді пайдалану түрінде көрінеу пайда береді, осы сияқты жүйелерді әзірлеуге және енгізуге жұмсалған шығындар ерте ме, кеш пе, өтелуге әкеледі деген пікірге келуде.

Республикада, әдетте, нақты бір ұйымда кіретін және шығатын хат-қағаздарды тіркейтін қарапайым жүйелер пайдаланылады, әйтсе де соңғы кезде электрондық құжат айналымын ішінара енгізу жағдайлары пайда болды.

#### Әкімшілік кешен

Бағдарламалардың аталған кешеніне әкімшілік кешеннің қызметін автоматтандыратын жүйелер кіреді: қызметшілермен жұмыс жөніндегі басқару (кадрлар), айлық жалақыны есептеу және төлеу, бухгалтерлік есеп.

Таралған жарнамаға орай, Қазақстан бухгалтерлік және салықтық заңнамасының ерекшеліктерін толық күйде ескермейтін және бюджеттік ұйымдарда пайдалануға қиын бейімделетін ресейлік "1-С Бухгалтерия" әзірлемесі аса таралған бухгалтерлік пакет болып табылады.

Аяқталған бағдарламалық өнімдерден ресімделген қазіргі заманғы отандық әзірлеме ретінде коммерциялық, сондай-ақ бюджеттік ұйымдарда табысты қолданылатын "Лука-Бизнес" және "Лука-Бюджет" пакеттерін бөлуге болады. Бағдарламалар отандық заңнамаға бейімделген, заңнаманың барлық өзгерістері әзірлеушілермен жіті қадағаланады.

Мемлекеттік органдарын ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерінің ағымдық жағдайына жүргізілген мониторинг негізінде мынадай қорытындылар жасауға болады:

1) түрлі деңгейдегі мемлекеттік органдарға енгізуге ұсыным жасалған стандартты жүйелі бағдарламаларды және қолданбалы әкімшілік-басқару жүйелерін (бухгалтерлік есеп, айлық жалақы, қызметшілерді басқару, құжат айналымы) сертификаттау мен іріктеуді жүргізу қажет. Міне, сөйтіп, ұсыным жасалған өнімдерді пайдаланатын

мемлекеттік органдар ЕАҚ-ке автоматты түрде тартылады.

2) мәліметтердің құқықтық базаларын әзірлеушілермен құқықтық ақпараттарды алу көздерін және тәртібін айқындау қажет және бұл базалардың белгілі тәртіпке сәйкестілігін ескере отырып, оларға сертификаттау жүргізу қажет.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мемлекеттік сатып алуларды, ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерге қатысты бөлігіндегі тәртіпті реттейтін құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар ұсыну керек.

Атап айтқанда, сертификат алған жүйелер ұсыныстың жиынтық бағасын анықтауда тең жағдайда жеңіп шығуы керек.

## 6. Бағдарламаны қаржыландыру көздері

Дүниежүзілік тәжірибе ұлттық ақпараттық инфрақұрылымның қалыптасу және даму үдерісіне тұрақты жеткілікті ауқымды мемлекеттік қолдаудың қажеттілігін растайды.

Мемлекеттік ақпараттық инфрақұрылымды қолдауды қаржылық қамтамасыз етудің көздері республикалық және жергілікті бюджеттен бөлінетін қаржылар, тікелей заемдар және шетелдік гранттар болып табылады.

Мұнда ұлттық стратегиялық және тактикалық мақсаттарға жетуге бағытталған жобалар, экономикалық тікелей нәтиже бермейтін жалпыжүйелік жобалар, республикалық бюджеттен бөлінетін қаржылар есебінен толық қамтамасыз етілуі керек.

Бағдарлама бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру көзі министрліктер мен ведомстволарға республикалық бюджеттен ғылыми зерттеулерге бөлінетін қаржылар болып табылады.

Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар аясындағы жобаларды әзірлеу және іске асыру республикалық және жергілікті бюджеттен бөлінетін қаржылар, үлестік қатысу, банктік несиелер, халықаралық қаржы институттарының гранттары мен заемдары, шетелдік инвестициялар, ақпараттандыру жобаларының әзірленуіне және іске асырылуына мүдделі отандық инвесторлар қаржылары шегінде қаржыландырылады.

## 7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Аталған Бағдарламамен белгіленген бірегей ақпараттық кеңістікті қалыптастыру және дамыту жөніндегі барлық іс-шараларды іске асыру мыналарға мүмкіндік береді:

1) мемлекеттік басқарудың тиімділігін көптеген басқару әдістерін автоматтандыру арқылы арттыру;

- 2) ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру;
- 3) отандық есептеу және телекоммуникациялық техникаларының

құралдарын, ақпараттық өнімдер мен қызмет көрсетулердің бәсекелестік қабілетін арттыру үшін жағдайлар жасау;

- 4) халықтың және мемлекеттік қызметкерлердің білімділік және мәдениеттілік деңгейін елеулі арттыру;

- 5) жүйелер мен желілердің үйлесімділігі мен өзара іс-әрекетін халықаралық стандарттарды, телекоммуникациялар дамуын ескере отырып қамтамасыз ету;

- 6) Ақпараттандыру жобалары мен бағдарламаларына отандық және шетелдік инвесторлардың қаржыларын тарту;

- 7) бірегей нормативтік-құқықтық базаны жасау;

- 8) мемлекеттік ақпараттық ресурстарды жасауға және пайдалануға бөлінетін бюджеттік қаржылардың құрылымына оңтайландыру жүргізу.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.